ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2023 жылғы 7 желтоқсан №4360-23-00-2/2815 іс Қызылорда қаласы

Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында: судья Н.Б.Еламанов,
оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен, қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Шаған ауылдық округі әкімі аппаратының «Шаған ауылдық мәдениет үйі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
Нурлыбек Амангалиевич Ахметов жеке кәсіпкері

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:

1. Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану
2. Тұрақсыздық айыбын өндіру

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 267-4, 223-226-баптарын басшылыққа алып,**сот**

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы Шаған ауылдық округі әкімі аппаратының «Шаған ауылдық мәдениет үйі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының жауапкер Нурлыбек Амангалиевич Ахметов жеке кәсіпкерін мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талап қоюы қанағаттандырылсын.

Жауапкер Нурлыбек Амангалиевич Ахметов жеке кәсіпкері шарт бойынша міндеттемесін орындамауына байланысты мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жауапкер Нурлыбек Амангалиевич Ахметов жеке кәсіпкерінен талап қоюшы Шаған ауылдық округі әкімі аппаратының «Шаған ауылдық мәдениет үйі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының пайдасына тұрақсыздық айыбы 1593 (бір мың бес жүз тоқсан үш) теңге және сот шығыны мемлекеттік баж сомасы 48 (қырық сегіз) теңге өндірілсін.

Жауапкер Нурлыбек Амангалиевич Ахметов жеке кәсіпкерінен мемлекет пайдасына сот шығыны мемлекеттік баж сомасы 1725 (бір мың жеті жүз жиырма бес) теңге өндірілсін.

Құжатқа қол қойылған: Еламанов Н. Б., 18.12.2023
Заңды күшіне енген күні: 29.01.2024, судья Еламанов Н. Б., 29.01.2024
4360-23-3-1/2998

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қоюдың келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткен соң, ал егер арыз берілген жағдайда - сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзім ішінде Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Қызылорда облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым берілуі, прокурормен апелляциялық өтінішхат келтірілуі мүмкін.

Судья **Н.Б. Еламанов**

Құжатқа қол қойылған: Еламанов Н. Б., 18.12.2023

Заңды күшіне енген күні: 29.01.2024, судья Еламанов Н. Б., 29.01.2024

4360-23-3-1/2998